

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	Максимова Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

БЕЙСЕМБАЙ КЕНЖЕБАЕВ – АУДАРМАШЫ

Тұрсын Құралай Аблайханқызы

kuralaita@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты

Ғылыми жетекшісі – қазақ әдебиеті кафедрасының проф., ф.ғ.д. С.Б.Жұмағұл

Қазақ әдебиетіндегі көркем аударма тарихы бай дәстүрге ие екендігі белгілі. ХХ ғасырдың басында, әсіресе орыстың классикалық әдебиетін қазақ тіліне аудару ісінде едәуір тәжірибе жинақталған болатын. Бұл үрдіс Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсариннің аудармашылық тәжірибесінен бастау алып, кейін Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхамеджан Сералин, Ғұмар Қараш аудармаларымен, сондай-ақ сол кезеңдегі газет-журналдардағы тәржімалар арқылы толығырақ түсті. Сондай-ақ қазақ әдебиетіндегі аударма ісін дамытуға Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатұлы сынды ақын-жазушылар да айрықша үлес қосты. Олар Шығыс және Батыс әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, ұлттық әдебиеттің көркемдік қазынасын байытуға зор еңбек сіңірді. Аталған қаламгер-аудармашылардан бастау алатын қазақ әдебиетіндегі көркем аударма жасау дәстүрін жалғастырған, оның негізін қалауға атсалысқан белгілі әдебиетші – Бейсембай Кенжебаев еді.

Бейсембай Кенжебаев – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, белгілі ғалым, өзінің саналы ғұмырын халқына адал қызмет етуге арнаған тұлға. Ол қазақ әдебиетінің тарихын көне дәуірден қазіргі заманға дейін жүйелі түрде зерттеп қана қоймай, әлем әдебиетінің бірқатар көрнекті туындыларын қазақ тіліне аударып, ұлттық әдебиеттің тақырыптық және жанрлық аясын кеңейтуге елеулі үлес қосты. Осы тұрғыдан алғанда, аудармашылық Кенжебаевтың шығармашылық қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Алайда ғалым, қаламгердің осы қыры әлі көп зерттеле қоймаған, тың тақырып. Оның аудармашылық шеберлігі мен ерекшеліктерін терең зерделеуді айтпағанда, аудармалары жөніндегі негізгі мәліметтердің өзі нақтылауды әлі де қажет етеді. Бұл бағытта ғалымның аударған шығармаларының мазмұнын, стильдік ерекшеліктерін және көркемдік деңгейін зерттеу өзекті болып отыр. Аталған мәселеге тоқталмас бұрын, көркем мәтінді аударудың қажеттілігін, оған қойылатын талаптар мен туындайтын мәселелерді жан-жақты қарастыру маңызды.

Қазіргі кезде көркем мәтінді аударудың негізгі үш мақсаты айқындалған болатын: біріншіден, түпнұсқа тілін меңгермеген оқырманға шығарманы таныстыру, яғни автордың стилі мен шығармашылық мәнерін мүмкіндігінше дәл жеткізу; екіншіден, аударма арқылы оқырманды өзге халықтың өмірі, өнері мен мәдениетінің ерекшеліктерімен таныстыру; үшіншіден, түпнұсқа шығарманың жалпы мазмұны мен идеялық бағыт-бағдары жөнінде мағлұмат беру.

Бірінші мақсатқа сәйкес, аудармашы мәтіннің кейбір ұлттық-мәдени айырмашылықтарын өз оқырманына икемдеп жеткізу үшін оларды өңдеп, бейімдеп жеткізуі тиіс. Өйткені оқырман аударма мәтіндегі өзіне таныс емес нәрселерге назар аудармауы қажет. Ал түпнұсқа оқырманына бұл мәселелер тансық болмайды, олар сол тілге дағдыланғандықтан, ынтасын бөле бермейді. Бірақ мұндай аударма автордың шығармашылық әдісін танытқанымен, сол елдің мәдениеті туралы айтарлықтай ақпарат бере алмайды.

Екінші мақсатта жазылған шығармаларда аудармашы әрбір ұлттық-мәдени ерекшеліктерді сақтап, оқырманды басқа халықтың ұлттық танымымен барынша таныстырып, елтанушылық және ақпараттық сипат беруі керек.

Соңғы мақсатқа сай, аудармашы ұлттық-мәдени ерекшеліктерге назар аудармайды, тек мәтіннің сюжеттік құрылымын сақтайды және оқиғаларды реттілік бойынша көрсетіп шығады. Алайда бұндай аудармаларды «көркем аударма» деп атау қиындық туғызады.

Осы тұрғыдан келгенде, көркем мәтінді аударудың біршама қиындықтары да байқалады. Мәселен,

- «түпнұсқаның ұлттық көркемдік және танымдық негіздерін түсіну және автордың поэтикалық ойлау ерекшеліктерін сақтау,
- халықтық өнердің дәстүрлі пішіндерін тілдің заңдылықтарын бұзбай бере білудің барлық жолдарын қарастыру»[1,190].

Яғни мынадай мәселелер туындайды:

а) мәтіндегі образдар жүйесі мен ассоциацияларды аударма мәтінде жеткізу мүмкіндігі, сондай-ақ аударма мәтіннің түпнұсқамен тең әсер қалдыру ықтималдығы;

ә) түпнұсқаның құрылымдық өлшемдерін сақтай отырып аударма жасау барысында туындайтын мазмұндық және пішіндік өзгерістердің ықтимал салдары;

б) ырғақ пен ұйқасты сақтау тәсілдерінің аударманың жалпы сапасына ықпалы.

Сонымен қатар ұлттық тілде бар жеке ұғымның, образдың дәстүрлі қолданысы қалыптасады, оларды басқа тілге аудару қиыншылық тудыруы мүмкін. Осы орайда, аударма саласында елеулі еңбек атқарған әрі әлем әдебиетінің көптеген көрнекті туындыларын қазақ тіліне тәржімалаған Бейсембай Кенжебаевтың аударма мәселесін қарастыруды, оның аударма жөнінде қалдырған пікірінен бастаған жөн. Ғалым: «Бізде көркем аударма ісі кең өріс алғанымен оның әдісі, тәсілі, стилі және принциптері тәрізді теориялық жағы әлі де жөнді шешіле қойған жоқ. Соның салдарынан аударма саласында біраз кемшіліктер кездесіп жүр. Әсіресе орысшадан қазақ тіліне аударғанда ана тіліміздің байлығын әлі де сарқа пайдалана алмай жүрміз. Кейде орысша ойлап, сөйлемді сірестіріп қоятынымыз да бар. Аударылуға тиісті интернационалдық терминдерді орынсыз қазақшалап жіберетініміз де жоқ емес. Астарлы сөз, идиомдардың аударылу шарттарын ескере бермейміз. Содан барып ондай сөйлем тіркестері жұтаң, мәнсіз шығады [2, 62]", - дейді. Осы ұстанымды негізге ала отырып, Бейсембай Кенжебаев Федор Панферовтың КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болған «Бейбітшілік үшін күрес» дилогиясын, сондай-ақ орыс кеңес әдебиетінің белгілі өкілдері Б.Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз», «Біз – совет адамымыз», Е.Мальцевтің «Шын жүректен», Ф. Гладковтың «Балалық шақ туралы» сынды бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударумен айналысты.

Бұл туралы Құлбек Ергөбек: «Аудармашы ретінде екі бағытта еңбек етті: бірі – әлем әдебиетінің жауһары саналатын шағын әңгімелерді, екіншісі – том-том романдарды аудару» деген болатын. Осы тұжырымға сүйене отырып, жоғарыда аталған шығармаларды екінші топқа жатқызуға болады, ал бұдан кейін сөз болатын туындылар аудармашының бірінші бағыттағы еңбектеріне жатады. Константин Фединнің «Ленин суреті» шығармасын, американ жазушысы Альберт Мальцтің «Дүниедегі ең бақытты адам» әңгімесін, поляк қаламгері Ванда Василевскаяның «Бұғаудағы жыр» хикаятының «Стефаның өлімі» атты үзіндісін аударды. Сонымен қатар қытай жазушысы Лу Синнің «Пікір» әңгімесін, Эрнест Хемингуэйдің «Көпір аузында», чех жазушысы Ярослав Гашектің «Айықты» шығармасын қазақ оқырмандарына ұсынды.

Ол сондай-ақ Бехазиннің «Шираз шарабы», «Теңіз», «Күдік» әңгімелерін, түрік жазушысы Фахри Эрдичтің «Ащы сүт» әңгімесін, Александр Довженконың «Ұрыс алдындағы түн» шығармасын, Ги де Мопассанның «Мас» әңгімесін, Борис Полевойдың «Эпостың тууы» шығармасын, Александр Гончардың «Қойтас» әңгімесін, Илья Эренбургтың «Соқыр мергендер» шығармасын тәржімалады. Бұдан бөлек, Александр Неверовтың «Өмір сикы», Николай Ляшконның «Арқар» әңгімесін, Николай Виртаның «Кешкі көлеңке», Валентин Катаевтың «Достар әңгімесінің сыңайы» фельетонын, Владимир Михайловтың «Әдіс-айла» әңгімесін аударып, қазақ әдебиетінің қазынасын толықтырды. Ағылшын жазушысы Перил Бахтың «Ұл»,

Антон Сорокиннің «Сәдуақас» әңгімесін, үнді халқының «Жауды аяған жаралы болады» ертегісін және латыш халқының «Шайтан» атты халық ертегілерін қазақ тіліне аударды.

Аударма жұмыстары 1925-1970 жылдар аралығында «Әдебиет және искусство», «Қазақ әдебиеті», «Жаңа әдебиет», «Социалистік Қазақстан» атты газет-журналдарда әртүрлі мерзімдерде жарыққа шығып, қалың оқырманға аттанып жатты. Кейіннен барып жазушының «Маржан» атты қолжазбасына әр елдің жазушыларынан аударылған әңгіме-новелла, очерктері біріктіліп басылып шықты. Бұл жинаққа енген бір әңгіменің көтеретін тақырыбы қызық болса, екіншісінің идеясы салмақты, үшіншісінің құрылысы қызық, төртіншісінің тілі әдемі. Аудармашы бейне бір маржан тергендей өзіне өте ұнаған, ерекше әсер еткен шығармаларды іріктеп алған. Сондықтан да жинақ «Маржан» деген атпен шығарылған.

Яғни Бейсембай Кенжебаевтың бұл аудармалары ұлттық әдебиеттің тақырыптық, жанрлық және мәдени аясын кеңейтіп, қазақ оқырмандарына әлем әдебиетінің озық үлгілерін танытты. Мәселен аудармашы басқа халықтардың фольклорлық мұраларын қазақ оқырмандарына таныстыруда үлкен еңбек сіңірді. Ол үндінің «Жауды аяған жаралы болады» және латыш жұртының «Шайтан» атты халық ертегілерін аудару арқылы әлемдік фольклордың даналығын қазақтың мәдени түсінігімен үндестіре білді.

«Жауды аяған жаралы болады» ертегісі – үнді халқының даналыққа негізделген фольклорының жарқын үлгісі. Бейсембай Кенжебаев ертегіні оқырманға жақындатып, оның тәрбиелік мәнін тереңірек ашуға тырысты. Ертегінің ізгілік пен әділетшілікке үйрететін философиялық ойын, жазушы жылан, түлкі, адам арасындағы диалог арқылы бейнелі түрде аша білді. Әрі ертегінің тақырыбын да қазақтың танымында бар «Жауды аяған жаралы» деген мақал арқылы беру де тапқырлықтың, даналықтың көрінісі ретінде байқалды. Ал «Шайтан» ертегісінде қоғамдағы әртүрлі әділетсіздік, арамдық сияқты қасиеттердің сыналуы байқалады.

Сонымен қатар Бейсембай Кенжебаев қытай әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі – жазушы Лу Синьнің «Пікір» атты шығармасын аударды. Бұл шығарма қоғамдағы екіжүзділік пен шындықты тура айту мәселесін көтереді. Мұны мына бір үзінді арқылы байқауымызға болады: «Бірақ, тойда өтірік айтқан кісілер алғыс, рақмет естіді, жақсы атты болды. Шынын, ақиқатын айтқан кісі қарғыс естіді, таяқ жеді. Ал, сен...

– Жоқ, мен өтірік айтып, ешкімді алдағым келмейді. Сондай-ақ, менің жұрттан қарғыс естігім, таяқ жегім де келмейді. Сонда мен не істеуім, қандай пікір айтуым керек?

– Онда сен былай: «Ой, мына баланы-ай! Қараңдаршы! Жоқ, байқап қараңдаршы! Өзі қандай!... Ах, аха-ха, аха-ха!» – деп күле беруің керек[3]». Кенжебаев бұл әңгімені аударуда түпнұсқаның философиялық мәнін сақтай отырып, оны қазақтың сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне сай бейімдей білді, әрі тәрбиелік мәні бар ұтымды аударма жасады.

Келесі аударылған шығармалардың бірі америка жазушысы – Эрнест Хемингуэйдің туындылары. Эрнест Хемингуэй – қысқа сөйлемдер арқылы үлкен мән-мағына жеткізе білетін әлемдік классик. Оның «Көпір аузында» шығармасы соғыс кезінде өмір сүріп жатқан қарапайым адамдардың ауыр тағдырын суреттейді. Ал Бейсембай Кенжебаев бұл әңгімені аударуда Хемингуэйдің стильдік ерекшеліктерін сақтап, қысқа сөйлемдер мен қарапайым лексика арқылы шығарманың негізгі ойын, кейіпкерлердің эмоциясын жеткізді. Демек Бейсембай Кенжебаев аудармаларынан ақын-жазушылар шығармашылығының ерекшеліктерін, қолтаңба мен көзқарас сипаттарын танып-таразалаумен бірге дәлдік пен дерек көздері, шеберлік пен шешендік, көркемдік кең орын алған.

Мәселен Антон Сорокиннің «Сәдуақас» шығармасында тарихи кезеңнің ауыр тағдыры суреттеледі. Мәтінде Колчак басқарған кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдай, қазақ халқының басынан кешкен қасіреті, халықтың елдікті, ар-намысты сақтаудағы жолы бейнеленеді. Бейсембай Кенжебаев осы мәселелерді терең ашып, аудармада «Туған, өскен жерлерін кім ұмытар» сияқты қолданыстарды пайдаланған. Сонымен қатар табиғаттың адам қайғысының

үндестігін де көрсете білді. Оны: «Жер мұның, халық қайғысын құс екеш, құс та сезді, бұрын ауыл үстінен самғап ұшатын сарыбалақ күшегендер енді халықтың қайғысына ортақтасқан тәрізді, қалықтап ұшатын болды...» сияқты жолдардан байқай аламыз.

Ги де Мопассанның «Мас» әңгімесі – адамның ішкі әлсіздігін, маскүнемдіктің әлеуметтік қасіретке әкелетінін көрсететін психологиялық туынды. Шығармада басты кейіпкер Ерман – ішімдікке тәуелді балықшы. Қатты дауылды кеште досы Матер оны сыраhanaға ертіп апарып, ішімдікке тойдырады. Нәтижесінде Ерман мас болып, үйіне әрең жетеді. Алайда ашу мен мастықтың салдарынан әйелін өлімші етіп сабайды. Таңертең көршілері есігі ашық тұрған үйге кіргенде, қанды оқиғаға куә болады. Аудармашы бұл әңгімені қазақ тіліне аудару барысында түпнұсқаның көркемдік деңгейін жоғалтпай, қазақ оқырмандарына жақын етіп бейімдеген. Оның аудармашы ретіндегі шеберлігі түпнұсқа мәтіннің мазмұнын ғана емес, эмоционалдық әсерін де дәл жеткізуінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, әр елдің әңгімесін аудару барысында көтерілетін мәселердің, айтылатын ойлардың салмақтылығына, қазақ оқырманына жақын да, түсінікті болуына, аудармашы қатты көңіл бөлген.

Қорытындылай келе, Бейсенбай Кенжебаев аударма арқылы қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтеруге зор үлес қосты. Оның батыс пен орыс классиктерінің, танымал жазушылардың шығармаларын қазақ тіліне тәржімалауы ұлттық әдебиетімізді байытумен қатар, қазақ оқырмандарының әлемдік әдеби мұрамен тереңірек танысуына мүмкіндік берді. Ол аударма саласында автордың стилі мен көркемдік ерекшеліктерін барынша дәл сақтауға мән берді. Осы арқылы аударманың жай ғана мәтін емес, шығармашылық процесс екенін дәлелдеді. Ә.Кекілбаевша айтсақ: «XX ғасырдағы қазақ көркем сөзі мен ойының өрлеуіне, қазақ азаматы санының қалыптасуы мен дамуына қадірлі Бейсекеңдей еңбек сіңірген азамат кемде-кем... Ғалым ретінде де, ұстаз ретінде де кейінгі кездегі рухани гүлденуімізге мұрындық бола білді. Азат елдің азат ойының дәуірлеу тұсында Бейсекең ұлт болып тағзым етуіміз әбден заңды»[4]. Демек, Б. Кенжебаевтың аудармашылық қызметі оның әдебиеттану саласындағы зерттеулерімен ұштасып, қазақ әдебиетінің дамуына айрықша ықпал етті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Есембеков Т.У. Көркем мәтін поэтикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 228 б.
2. Кенжебаев Б. Алаш туы астында: мақалалар мен зерттеулер / құраст. Р. Нұрғали. – Астана, 2004. – 224 б.
3. Кенжебаев Б. Асау жүрек: деректі әңгіме, зерттеу, толғам / ред. Н. Бегалыұлы ; құраст. Қ. Ергөбек. – Шымкент: Ордабасы, 2004. – 382 б.
4. Ұлттық әдебиетіміздің қаһарманы // Ордабасы оттары. – 1994. – № 83.

ӘОЖ 811:81`271.2

ОРЫС ТІЛДІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ СӨЗ САПАСЫ: ТҮЙТКІЛДЕР МЕН ШЕШІМДЕР

Сұлтанбек Әсел

assssss2007@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ орыс тілі мен әдебиеті мамандығының 1курс студенті

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. Б.С.Абдуова